

**ҒАЛЫМДЫ ЕСКЕ АЛУ
ПАМЯТИ УЧЕНОГО
DEDICATED TO THE MEMORY OF SCIENTIST**



ТЕКТІЛІК ПЕН ЕҢБЕКТИҢ ӨЛМЕС МӘЙЕГІ

Уақыттың өлшемі жоқ. Ол қай уақытта да шексіз, ымырасыз, қатал. Алайда осы уақыттың ішінде небір жаны жайсаң адамдармен жүздесіп, үзеңгілесіп қатар жүріп, оның бойындағы асыл қасиеттерінен нәр алып жүргеніміз тағы бар. Марқұм Алида Түймебайқызы сондай жандардың бірі еді. Мінез-құлқынан, өмірге деген сәулелі көзқарасынан бір ізгілік, тектілік, белгісі білінетін. Кейін білдік, оның негізінде – тектілік, қасиет жатқанын. Тектілік – ата-бабадан, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін қасиет. Тектіліктің негізгі өлшемдерінің бірі – абырой, азаматтық қасиеттер. Сонымен қатар, тектіліктің ұрпақтан ұрпаққа жібі үзілмей жалғасатын сабақтастық қасиеті де бар.

Осындай текті ұрпақ ортада тәрбиелеген Алиданың анасы Түймебай Ашимбаев пен Рашида анамыз. Қазақта «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсін» деген дана сөз бар. Бұл нақыл Алида Түймебайқызына дәл айтылғандай.

Өмірдің көптеген ғажайыптары көп. Дүниеге әр өңірден келгенімізбен, бірге оқып, қызметтес болып жүріп, достасып, сырласып жақын адам болып кетесің! Менің өмірімдегі сондай мағыналы-мәнді кездесулердің бірі курстасым, замандасым, ғалым Алида Түймебайқызымен сыйластық таныстығым болды. Алида Түймебайқызымен 1972 жылы ҚазҰУ-нің философия экономика факультетіне «Саяси экономика» мамандығына оқуға түсіп, бес жыл бірге оқыдым. Тобымызда 20 білімгер оқыды. Олардың жас ерекшеліктерінде үлкен айырмашылық болды. Айта кететін болсам, 6 білімгер мектепті «Алтын белгімен» бітіргендер – 17 жаста, 14 білімгер – еңбек өтілімі 2–12 жылдан 20–30 жастағылар. Жас айырмашылығына қарамастан тобымыз өте ыңтымақты және бір-бірімізге аға-іні қарындастай өзара сыйластықта болдық. Осы орайда, реті келіп тұр айта кетейік, курсымыздың 4 білімгері ғылым доктор дәрежесіне ие болды, екеуі ғылым кандидаты атанды.

Алида 1 курстан бастап студентердің ғылыми үйірмелеріне белсене қатысып, Республикалық, Бүкіл одақтық конкурстарға қатысып жүлделі орындарды иеленіп жүрді. Үздік оқуымен қатар қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын, соның арқасында ең жоғарғы К. Маркс атындағы стипендия алды. Жас екеніне қарамай математика, шет тілі, т.б. пәндері бойынша қолынан келгенше топтағы аға-әпкелеріне өз көмегін аямайтын, түсінбеген жеріңізді түсіндіріп жіберетін. Ол тек өзінің ғана емес, өзгелердің де білімге деген құштарлығын арттыруға ықпал ететін. Замандастардың жетістігіне шын жүректен қуана білетін жан еді.

Алида Түймебайқызының ғылымға сіңірген еңбектері туралы осында отырған ғалымдар айта өтер деймін. Мен солардың жақсы пікірлеріне толық қосыламын.

Осы жиында бізге білім берген ұстаздар туралы да айта өткен дұрыс деп санаймын. Сол жылдары ҚазҰУ-те атақты ғалым-экономистер жиі-жиі бас қосып, қызу пікірталастар, диспут-дебаттар, кездесулер, семинарлар өткізіп жататын. Атақты академиктер: Т. Ашимбаев, С. Байішев, А. Қошанов, О. Баймуратов, Я. Аубакиров, профессор В. Пуриц, доценттер С. Никитский, А. Яковецкий, Л. Горенман, Р. Нұрғалиев, Е. Қанатбаевтың және т.б. дәрістерін тыңдадық.

Әрбір ұстаз шәкірттерін жан-жақты терең білімді болуы үшін айналасындағы ғалыми ортада көрінуін қадағалап, білікті мамандардың тағылымдардан өтуіне күш салатын. Әртүрлі ғылыми семинарлар тұрақты түрде жүйелі ұйымдастырылатын. Әрбір кезеңнің маңызы, сол уақыттардағы өмірдің, заманның талабына сай есте қаларлық көрінісі жоғарыда аталған ғалым ұстаздардың тыныс тіршілігінен анық байқалатын. Міне, осындай үлкен мектептерден шыңдалып тәлім алған Алида Түймебайқызының өзінің еңбекқорлығы, білімге, ғылымға деген құштарлығының арқасында, курстас білімгерлер арасында шоқтығы биік тұратын.

«Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» дейді қазақ халқы. Менің өмірімде де көп жақсы адамдар кездесті, олардың ақыл-кеңесін жақсылығын көріп өстім. Солардың ішінде ерекше атап өтетінім, ресейлік әйел экономист Мариям Семеновна Атлас – э.ғ.д., профессор, кандидаттық диссертациямның ғылыми жетекшісі болды. Мәскеу қаржы институтының «Саяси экономика» кафедрасының меңгерушісі. Екіншілері – Р.А. Алшанов пен А.Т. Ашимбаеваның тату отбасысы. Бұл кісілердің еңбекқорлығы, адалдығы, қадірлігі, шынайылығы, адамгершілігі, әділеттілігі, ізеттілік қасиеттері жұғысты болсын деп, өздерінің рұқсатымен, осы тұлғалардың құрметіне, қызымның атын Мариям, немеремнің атын Алида деп қойдым.

Рахман аға мен Алиданың отбасысының маған жасаған қамқорлығы өз алдына бөлек әңгіме, оның бәрін тізіп айту мүмкін емес. Бірақ бірнешеуіне тоқталып кетуім керек сияқты. Себебі маған Алида мен Рахман ағаның жасаған қолдауының орны ерекше болатын. Ғылым білім жолында жүргенде ғылыми атақ, дәрежесінің орны бөлектеу. Сондықтан ұзақ уақыт және әртүрлі себептерге байланысты ертерек қолға алған, бітіруге мүмкіндік болмай жүрген докторлық диссертациямды 2010 жылы қорғадым. Егер маған ғылыми кеңесшім Р. Алшанов және А. Ашимбаева қолдау жасамағанда мүмкін докторлық диссертациям қолжазба күйінде қалар ма еді.

Рахман аға менің докторлық диссертациямның ғылыми кеңесшісі ретінде, ғылыми бағытымды айқындап шешу жолдарын көрсетті. 2010 жылы ХҚТУ-де диссертациялық кеңес жабылып, қиындықтар туғанда «Тұран» университетінің диссертациялық кеңесінде докторлық диссертациямды қорғауға мүмкіндік берді. Бұл жерде диссертациялық кеңестің мүшесі ретінде, Алида Түймебайқызының менің диссертациямның кейбір кемшіліктерін реттеуге тигізген көмегі ұшан-теңіз. Сонымен қатар, 2010 жылдың 27 желтоқсан күні докторлық диссертациямды қорғауға тиіс болатынымын, бірақ министрліктен ресми қорғауға рұқсат қағазы уақытылы келмей, қорғау болмай қалу қаупі туды. Осы кезде менің диссертациямды кеңесте қорғау туралы министрлікпен ашық телефон арқылы мәселе көтерілді. Курстасым Алида Түймебайқызы, Министрліктің өкіліне дұрыс жасамай жатқандығын, өзінің наразылығын ашық айтты. Осыдан кейін қорғауға рұқсат берілді. Мұндай жағдай Алиданың адами болмысының жоғары деңгейде екендігі, шынайы қамқорлығын, адал екенін білдірсе керек.

Адамгершілік, адами жоғары тұрғысынан, Алида Түймебайқызы шын мәнінде жаны дархан, көңілі мен пейілі кең кісі еді. Соңғы жылдары денсаулығы сыр беріп жатқанда, менің өтініштерім бойынша, 2002 жылы Тараз қаласындағы, 2005 жылы Түркістан қаласында өткен халықаралық конференцияларда «Социализмнің экономикалық мәселелері бойынша», «Ұлттық экономиканың тұрақты даму көрсеткіштері», «Қазақстанның әлемдік экономикадағы орны мен рөлі туралы», «Экономикадағы құрылымдарды өзгерту туралы», өзінің ойын академиктер Р.С. Хусанов (Өзбекстан), Н.К. Каюмов (Тәжікстан) Т.К. Койчуев, А.О. Оразбаев (Қырғызстан), А.К. Кошанов, К.Н. Нариебаев, А.А. Сатыбалдин, М.Б. Кенжегузин, А.А. Алшанов (Қазақстан) алдында айтып үлкен бағасын алды. Айта кетерім, Алида Түймебайқызы өте терең білімді, ой өрісі кең интеллектуалды тұлға болатын. Есімде, Тараз халқы Түймебай ағаның жерлестері, Алида Түймебайқызының баяндамасының мәнді болғанына риза болып «Тектінің көзі ғой!» деп орындарынан тұрып, ұзақ уақыт қол соғып құрмет көрсеткен еді.

Халық даналығы «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейді. Жас шақта кім де болса да, осы сөздің мағынасына мән бере бермейді. Ал, уақыт өткен сайын, ақыл-есің толықсып кемелденген сайын халық даналығына басқаша қарай бастайсың. Сөздің мағынасын терең екенін түсінесің. Бұл сөздер Ашимбаева Алида Түймебайқызының дәл келеді. Ол өзінің еліне адал қызмет етті, Республикамызға экономикалық мамандар даярлауға елеулі үлес қосты. Адал еңбекқор ұстаздардың бірі болды. Курстасым Алиданың ұстаздық және ғылыми еңбектері барлық уақытта өз құнын жоғалтпайды деп ойлаймын.

Өкінішке қарай, барлық адамдардың өмірі шектеулі. Бірақ өлмес мұра, өлмейтін сөз қалдырған Алида Түймебайқызының асыл еңбектері келешек ұрпақтың игілігі үшін жұмсалып жатса, одан артық не керек, тірі жанға шипа дегеніміз осы. Оның өмірі – шынайы тектілік пен қажырлы еңбектің айқын дәлелі. Осындай тұлғалар арқылы ғылымның, білімнің, ұлттық құндылықтардың мәңгілігі айқындалады.

ЫДЫРЫС С.С.

Халықаралық туризм және қонақжайлылық
университетінің профессоры,
экономика ғылымдарының докторы